

"Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығын жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің Қаулысы 1995 жылғы 31 тамыздағы N 2445

"Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығын Z952444_ жүзеге асыру мақсатында қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдерін Қазақстан Республикасы Президентінің аталған Заң күші бар Жарлығына сәйкестендірсін;

екі ай мерзім ішінде Қазақстан Республикасының жұмыс істеп тұрған мамандандырылған мемлекеттік банктері мен акционерлік Халық банкінің құқықтық мәртебесін нақтылауға, олардың қызметін мемлекеттік реттеудің принциптері мен тетігін, қайта құру мен тарату тәртібін анықтауға шаралар қолданатын болсын.

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі:

Ұлттық Банктің нормативтік актілерін "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығына сәйкестендірсін;

1996 жылдың 1 қаңтарына дейінгі мерзімде екінші деңгейдегі банктердің құрылтай құжаттарын осы Жарлықтың талаптарына сәйкестендіру жөнінде шаралар қолдансын.

3. Осы Қаулы жарияланған күннен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Президенті